



# ЦЕРЕБРАЛ КИДС



## ТАҒАМҒА БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАСЫН ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ Нұсқаулық

### 1 шайналатын капсуласының құрамында:

*белсенді заттектері:*

Балық майы 483,3 мг;

Лимон майы 35,3 мг;

Е дәрумені (d-альфа-токоферол) 3,6 мг.

*қосымша заттектері:* глицерин, желатин, микрокристалдық целлюлоза, жүгері крахмалы, бояғыш темір оксиді сары түсті, сукарлоза.

**Церебрал Кидс** – біріктірілген тағамға биологиялық белсенді қоспа, құрамында аса маңызды көп қанықпаған Омега-3 май қышқылдары, лимон майы және Е дәрумені бар. Баланың организмiне жалпы сауықтыратын және нығайтатын әрекетiне байланысты ұсынылады.

Балық майында болатын **көп қанықпаған Омега-3 май қышқылдары** жүктемесі зор ақыл-ой жұмысында зейінді шоғырландыруды жақсарту үшін аса маңызды. Балық майы оқу барысына оң әсер етеді: балық майының емдік заттектерімен байытылған кезде баланың миы ақпаратты жақсы меңгереді. **Балық майын** ұдайы қабылдау ақыл-ой қызметін жақсартады.

**Лимон** майының иммунитетті ынталандыратын әсері бар. Сондай-ақ, лимон майы күйзелісті жеңуге және зейінді жинақтауға көмектеседі.

**Е дәрумені** - иммунитетті нығайтады, шаршауды азайтады. Балаларға қалыпты заттек алмасуы үшін қажет. Е дәрумені дене белсенділігін арттырады — бұлшық еттерде жинақталып, энергияның басты көзі болатын гликогенді қорға жинақтайды. Е дәрумені балалар үшін аса маңызды, себебі, ол организмнің қалыптасуында және жасушалардың жаңаруында қатысады. Сондай-ақ, терінің тітіркенуі мен құрғақтығының пайда болуының алдын алады, қоршаған ортаның факторларына қорғаныс әсерін көрсетеді.

### Қолдану тәсілі:

- 5-6 жастағы балаларға күніне 2 шайналатын капсуладан тұтыну қажет;
- 7-10 жастағы балаларға күніне 3 шайналатын капсуладан тұтыну қажет;
- 10 жастан асқан балаларға күніне 4 шайналатын капсуладан тұтыну қажет.

Қолданудың жалпы ұзақтығы дәрігермен кеңестен кейін анықталады.

Алғашқы қабылдаған күндері ауызда балық дәмінің сезілуі, осы дәмдес кекіру, ішті жүргізетін әсері болуы мүмкін.

### Қарсы көрсетімдері:

- ББҚ құрамбөліктерін жеке көтере алмау
- Өт-тас және несеп-тас ауруларында
- Қалқанша бездің дерттерінде
- Кальцийді және Д дәруменінің жоғары мөлшерінде
- Созылмалы бүйрек жеткіліксіздігінде
- Дәрумендік мөлшерлемені асырып алмау үшін көп дәрумендік кешендермен қатар қабылдауға болмайды.

**Босатылу шарттары:** рецептісіз.

### Сақтау шарттары:

құрғақ, күн сәулесінен және ылғалдан қорғалған жерде, 25° С-тан аспайтын температурада сақтау қажет. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз!

### Шығарылу түрі және қаптамасы:

80 шайналатын капсуладан мемлекеттік және орыс тіліндегі қолдану жөніндегі нұсқаулықпен қоса картон қаптамасына салынған.

### Жарамдылық мерзімі: 30 ай.

Қаптамасының төменгі бөлігінде көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!